

Бекітемін,
Мектеп директоры М.а. А.Б. Исбусинова



***«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ
Ата-аналарды педагогикалық қолдау
орталығының
II жарты жылдық бойынша
ЕСЕБІ***

2024-2025 оқу жылы

Қаңтар айында - Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде 1-4 сынып жетекшілер ата аналармен- Отбасылық келісімнің кепілі – сенімді қарым- қатынас тақырыбында, 5-9 сынып жетекшілер Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі тақырыбында жиналыстар өткізілді. Жиналысқа қатысқан ата-аналар саны -14. Сабақ аяқталғаннан кейін ата-ана мына құзыреттіліктерге ие болады: отбасында сенімді қарым-қатынас орнатуға дайын болады; балалармен сенімді қарым-қатынас негізінде отбасында үйлесімділік құру қажеттілігі туралы түсініктерін тереңдетеді; отбасында сенімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытады. Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер: Әділдік, жауапкершілік және ынтымақтастық. Жоспар I. Кіріспе бөлім • Сіздің балаларыңыздың қызығушылықтары мен хоббиі • «Есіңізге түсіріңіз» ойыны II. Негізгі бөлім • Тақырыптың теориясына үңілу • Топтық жұмыс және талқылау • Кейстерді талдау • «Жасөспірімнің миы» бейнеролигін көру • Чек-парағы III. Қорытынды бөлім • Сабақты қорытындыла Күтілетін нәтижелер: - ата-аналар жасөспірімнің жас ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейтеді, бар проблемалар, жасөспірімнің ықтимал қауіптері туралы хабардар болады. - жасөспірімдердің мінез-құлқының уәждері мен себептері туралы ақпарат алады, онымен сенімді қарым-қатынас орнатуды үйренеді. - әр түрлі жағдайларда ынтымақтастық дағдыларын жетілдіреді: топта жұмыс істей білу, жасөспіріммен келісе білу, оны түсіну және қабылдау, даулы/жанжалды жағдайдан шығу жолын таба біледі. Бүгінгі сабақтың тақырыбы – тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздік құқығы, яғни бүгін біз балаларды атааналардан бөлудің ерекшеліктері туралы сөйлесетін боламыз» «Ассоциация» жаттығуы. Тапсырма: ата-аналарға «Психологиялық бөлім» деген сөзді естігенде нені елестетесіз?» - деген сұраққа жауап беру ұсынылады. Қорытынды: ата-аналардың жалпы үміттерін, алаңдаушылықтарын және хабардарлық деңгейін анықтау, бұл сабақ барысында ашық және ақпараттандырылған талқылауға ықпал етеді.



Ақпан айында - Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде 1-4 сыныпта Баланы өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі, 5-9 сыныпта Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы, Ата-аналардың эмоциялық күйреуі: оны қалай болдырмауға және жеңуге болады? тақырыптары бойынша ата аналарды педагогикалық қолдау жиналыстары өткізілді. **Жиналыстың мақсаты:** Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету, олардың балалармен қарым-қатынасын жақсартуға көмектесу, балаларды қоршаған орта әсерінен қорғау әдістерін үйрету.

Талқыланған тақырыптар:1-4 сынып ата-аналары үшін: Баланы өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету әдістері. Эмоциялық интеллектті дамыту жолдары. Баланың психоэмоциялық дамуына ата-ананың ықпалы. **5-9 сынып ата-аналары үшін:** Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру.

Жасөспірімдер арасындағы қауіп-қатерлер және оларды алдын алу. **Барлық ата-аналарға ортақ тақырып:** Ата-аналардың эмоциялық күйреуі: оны қалай болдырмауға және жеңуге болады? Стресті басқару әдістері. Ата-аналардың өзін-өзі реттеу дағдылары.

Жиналыс барысы: Жиналысты мектеп психологы мен әлеуметтік педагог ашып, күн тәртібімен таныстырды. Әр тақырып бойынша баяндама жасалып, бейнематериалдар көрсетілді. Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, сұрақтар қойды. Топтық жұмыс және тренингтер өткізілді. **Қорытынды:** Жиналыс соңында ата-аналарға практикалық ұсыныстар берілді. Қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, алдағы уақытта осындай кездесулердің жиі ұйымдастырылуын қолдады. Барлық ата-аналарға ақпараттық материалдар таратылды.



Наурыз айында- Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде 1-4 сыныпта Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы тақырыбында, 5-9 сыныпта Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба? 1-4 сыныптарда:

5-9 сыныптарда: «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?» тақырыбында жиналыс өтті.

Жиналыстардың негізгі мақсаты – ата-аналарды балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен таныстыру, төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер бойынша ақпарат беру және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Жиналыс барысында ата-аналарға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, балаларды қауіпті жағдайлардан қорғау жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, тәжірибелік ұсыныстар беріліп, сұрақ-жауап сессиясы ұйымдастырылды.

Қорытынды: Ата-аналар жиналыстарға белсенді қатысып, маңызды ақпараттармен танысты. Олар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өз пікірлерімен бөлісіп, қажетті кеңестер алды.



Сәуір айында - Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде 1-4 сыныпта «Бақытты ана құпиялары», 5-9 сыныпта «Әкелік — бала бақытының қайнар көзі» жиналысы өткізілді. Жиналыс әр жас санаты бойынша үш тақырыпқа бөлініп ұйымдастырылды:

1-4 сынып ата-аналары үшін – «Бақытты ана құпиялары»

5-9 сынып ата-аналары үшін – «Әкелік — бала бақытының қайнар көзі»

Жиналыс барысында ата-аналарға бала тәрбиесіндегі ананың рөлі, әке мейірімінің маңыздылығы және жасөспірімдердің болашаққа деген ұмтылысына қолдау көрсету жолдары туралы маңызды ақпараттар берілді. Сондай-ақ, қатысушылармен пікір алмасу өткізіліп, тәжірибелік ұсыныстар жасалды.

Жиналысқа жалпы 14 ата-ана қатысты.

Қорытынды: Жиналыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ата-аналарға пайдалы ақпарат берілді. Қатысушылар өздерінің сұрақтарын қойып, маңызды кеңестер алды.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Р.Н. Айтекенова